



"Электромагниттік үйлесімділік" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 тамыздағы № 812 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Электромагниттік үйлесімділік" техникалық регламент бекітілсін.
2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 9 тамыздағы
№ 812 қаулысымен
бекітілген

"Электромагниттік үйлесімділік" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Электромагниттік үйлесімділік" техникалық регламент (бұдан әрі - Техникалық регламент) адамның денсаулығына өмірі мен қоршаған ортаға қауіптің алдын алу және басқа да техникалық құралдар мен жүйелерге рұқсат етілмейтін электромагниттік бөгеуілдерді болдырмау мақсатында техникалық құралдар мен жүйелердің (бұдан әрі - ТҚ) электромагниттік үйлесімділігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Техникалық регламенттің қолданысы айналымға шығарылатын және пайдалануға енгізілетін, белгілі бір электромагниттік жағдайда, берілген сапада жұмыс жасауға қабілетті, бұл ретте басқа ТҚ-ға ықтимал электромагниттік кедергі болмайтын, осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодына (бұдан әрі - ҚР СЭҚ ТН) сәйкес жіктелетін ТҚ-ға таралады.

3. Электромагниттік әсердің қауіпті факторларына (қауіптерге) мыналар жатады, бұлардан алшақ болу керек:

1) тарату құрылғыларындағы коммутация мен қысқа тұйықталу кезіндегі импульстік токтар;

2) төменгі жиілікті кондуктивті электромагниттік бөгеуілдер:

электр қорегі кернеуінің тербелісі;

электрмен жабдықтау жүйелерінде жиіліктің ауытқуы;

электр қорегі кернеуінің орныққан ауытқуы;

электр қорегі кернеуі синусоидалуының бұрмалануы;

үш фазалы электрмен жабдықтау жүйелеріндегі кернеудің симметриялы болмауы;

электр қорегі кернеуінің жоғалып кетуі, үзілуі және түсіп қалуы;

электрмен жабдықтау жүйелеріндегі берілетін сигналдардың кернеуі;

ауыспалы ток электр қорегі желілеріндегі тұрақты құрауыштар;

келтірілген төменгі жиілікті кернеу.

3) кейінгі жиілікті сәулеленетін электромагниттік бөгеуілдер:

электр өрістері;

магниттік өрістер.

4) индустриялық радиобөгеуілдерді қоса алғанда, жоғары жиілікті кондуктивті электромагниттік бөгеуілдер:

тербелісі үздіксіз болып келетін кернеу немесе ток;

өтпелі үдерістерді көрсететін кернеу немесе ток (бейпериодты және тербелісті).

5) индустриялық радиобөгеуілдерді қоса алғанда, жоғары жиілікті сәулеленудің электромагниттік бөгеуілдері:

электрлік өрістер;

магниттік өрістер;

Электромагниттік, оның ішінде үздіксіз тербелістер мен өтпелі үдерістер әсерінен пайда болатын өрістер.

б) электростатикалық разрядтар.

4. ТҚ-ны сәйкестендіру осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген ҚР СЭҚ ТН жиынтығында тану үшін жеткілікті болатын таңбалау және ілеспе құжаттар (нормативтік және техникалық құжаттамалардан тұратын), бойынша белгілері мен параметрлері, көрсеткіштері мен талаптары бойынша кодын пайдалану жолымен жүргізіледі.

5. ТҚ-ны сәйкестендіру мыналардан тұрады:

1) ТҚ-ның нақты түрінің осы Техникалық регламенттің таралу саласына тиістілігін анықтау;

2) ТҚ-ға арналған ілеспе құжаттарда көрсетілген және (немесе) таңбаланған оның негізгі, мысалы:

а) бұйымның атауы, үлгісі, моделі, түрі;

б) ТҚ-ны дайындаушының атауы немесе ТҚ-ның шығу тегі жөніндегі деректер;

в) ТҚ шығаруға негіз болған нормативтік құжат;

г) ТҚ-ың негізгі (немесе функционалдық) тағайындалуы немесе оларды пайдалану саласы;

д) ілеспе құжаттарда көрсетілген номиналды деректер;

е) осы лекке тиесілілігі сияқты сипаттамаларын нақты сипаттамаларымен салыстыру.

2. Терминдер және анықтамалар

6. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

1) жалпы мақсаттағы электр желісі - электр энергиясын әр түрлі тұтынушыларға немесе техникалық құралдарға жеткізуге арналған энергиямен қамтамасыз ететін ұйымның электр желісі;

2) электр және радиотехникалық құрылғылар - телекоммуникация саласында қолдануды қоспағанда, электромагнит энергиясын өнеркәсіптік,

ғылыми, медициналық, тұрмыстық немесе басқа мақсаттарда генерирлеуге және пайдалануға арналған жабдық және (немесе) аспаптар;

3) оқшауланған электромагниттік жағдай - осы сала кеңістігінен тыс жерде техникалық құралдардың электромагниттік бөгеуілдер тудыруы және оларға сыртқы электромагниттік бөгеуілдердің әсері жоққа шығарылатын электромагниттік жағдай;

4) техникалық жүйе - бір-бірімен заңды байланысты техникалық құралдардың объективті бірлігі;

5) техникалық құрал - электромагниттік бөгеуілдер жасауға қабілетті, жұмыс істеу сапасы сыртқы электромагниттік бөгеуілдер әсеріне байланысты аппарат, электрлік және (немесе) электрондық құрауыштарды қамтитын жылжымалы немесе тұрақты қондырғы;

6) тұтынушылардың электромагниттік қауіпсіздігі - жағымсыз электромагниттік әсерлерден тұтынушылардың қорғану жағдайы;

7) электр және радиотехникалық құрылғының бөгеуілге орнықтылығы - техникалық құралдарға параметрлердің регламенттелген мәндері бар электромагниттік бөгеуілдер әсер еткен кезде олардың берілген жұмыс істеу сапасын сақтау қабілеті;

8) электромагниттік бөгеуілге орнықтылық, бөгеуілге орнықтылық - техникалық құралдарға параметрлердің регламенттелген мәндері бар электромагниттік бөгеуілдер әсер еткен кезде олардың берілген жұмыс істеу сапасын сақтау қабілеті;

9) электромагниттік бөгеуіл - электромагниттік құбылыс немесе техникалық құралдың жұмыс істеу сапасын төмендететін немесе төмендетуі мүмкін үдеріс;

10) техникалық құралдар мен жүйелердің электромагниттік үйлесімділігі - техникалық құралдар мен жүйелердің белгілі бір электромагниттік жағдайда басқа техникалық құралдар мен жүйелерге рұқсат етілмейтін электромагниттік бөгеуіл жасамай, берілген сапада жұмыс істеу қабілеті;

11) электромагниттік жағдай - берілген аумақтағы немесе өткізу ортасындағы жиілік пен уақыт диапазонындағы электромагниттік құбылыстардың және (немесе) үдерістердің жиынтығы;

12) электромагниттік әсер - биологиялық объектілер мен техникалық құралдар электромагниттік әсердің немесе үдерістің нақты немесе ықтимал ықпалы. Электромагниттік әсерлерге қоршаған кеңістікте техникалық құралдар жасайтын электрлік және магниттік өрістердің әсері жатады;

13) электр энергиясының сапасы - электр желісіндегі электр энергиясы параметрлерінің (кернеу, жиілік, фазалық ауытқу және т.б) олардың белгіленген мәндерге сәйкестік дәрежесі.

3. Қазақстанда өткізу Республикасының нарығында техникалық құралдарды айналысқа шығару шарттары

7. ТҚ осы Техникалық регламентке, сондай-ақ оларға әрекеті қолданылатын басқа да техникалық регламенттерге сәйкес болған кезде олар нарыққа шығарылады немесе пайдалануға беріледі.

8. ТҚ осы Техникалық регламентке сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурызындағы № 277 қаулысымен бекітілген "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес таңбалануы қажет.

9. ТҚ атауы мен белгіленуі (үлгісі, маркасы, моделі), қауіпсіздікке әсер ететін оның параметрлері мен сипаттамалары, өндірушінің атауы және (немесе) тауарлық белгісі, дайындаушы елдің атауы тікелей ТҚ-да және/немесе оған қоса берілетін пайдалану құжаттарында көрсетілуі қажет.

10. Егер мәліметтерді тікелей ТҚ-ға жазу мүмкін болмаса, онда оларды берілген жабдыққа қоса берілетін пайдалану құжаттарында көрсетуге болады. Бұл ретте дайындаушының атауы және (немесе) оның тауарлық белгісі, ТҚ-ның атауы мен белгіленуі (үлгісі, маркасы, моделі) қорапқа жазылуы қажет.

11. ТҚ-ны таңбалау айқын, оқуға жеңіл және ТҚ-ның қарауға ыңғайлы бетіне жазылуы қажет.

12. ТҚ-ға арналған пайдалану құжаттары мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) олардың мақсаты жөніндегі ақпарат;
- 2) негізгі тұтыну қасиеті немесе сипаттамасы;
- 3) қауіпсіз пайдалану ережесі және шарты;
- 4) сақтау, тасымалдау, өткізу монтаждау және кәдеге жарату ережесі мен шарты (қажет болған жағдайда - оларға қойылатын талаптарды белгілеу);
- 5) осы жабдықтың ақауы анықталған кезде қабылдануы тиіс шаралар туралы ақпарат;
- 6) дайындаушының орналасқан жері, онымен байланыс жасау ақпараты;
- 7) дайындаушының, импорттаушының уәкілетті өкілінің атауы және орналасқан жері, олармен байланыс жасау ақпараты;
- 8) дайындалған күні.

13. Техникалық құжаттама мен таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалады.

4. Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігіне қойылатын қауіпсіздік талаптары

14. ТҚ пайдалану құжаттарында көзделген бүкіл жұмыс мерзімінде оларды мақсаты бойынша пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды орындау кезінде:

1) мақсаты бойынша пайдаланылатын техникалық құралдан туындайтын электромагниттік бөгеуілдер техникалық құралдардың өзінің мақсатына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ететін деңгейден асып түспейтіндей;

2) техникалық құралды пайдалануға арналған электромагниттік жағдайда оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жеткілікті болатын, техникалық құрал электромагниттік бөгеуілдерге орнықты (бөгеуілдерге орнықты) болатындай;

3) электромагниттік бөгеуілдердің тікелей немесе жанама әсерінен адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ететіндей;

4) қауіп туындауына әкеп соғуы мүмкін жоғары температуралардың, доғалы разрядтардың немесе сәулеленудің туындауының жол берілмейтін тәуекелі болмайтындай;

5) ТҚ-ны пайдалану кезінде туындау тегі электрлік емес қауіптерден адамның өмірі мен денсаулығын, мүлкін қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ететіндей;

6) сыртқы ортаның тиісті климаттық жағдайларында сырттан әсер ететін, оның ішінде механикалық сипаттағы факторларға орнықтылықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ететіндей;

7) қайта қосу кезінде сырттан әсер ететін факторлардың әсерінен туындайтын жол берілмейтін тәуекел болмайтын етіп әзірленіп, дайындалуы тиіс.

5. Сәйкестікті растау

15. Міндетті сертификаттауды жүргізу тәртібі мен электромагниттік үйлесімділікті міндетті сертификаттауды жүргізу кезінде қолданылуы мүмкін схемалар тізбесі "Сәйкестікті растау рәсімі" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен бекітілген.

16. ТҚ-ның стандарттарда белгіленген электромагниттік үйлесімділік жөніндегі талаптарға сәйкестігін растау үшін ТҚ-ны міндетті сертификаттау жүргізіледі. Электромагниттік үйлесімділік жөніндегі талаптарға сәйкестігі міндетті сертификаттауға жататын ТҚ тізбесі осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

6. Өтпелі ережелер

17. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер осы Техникалық регламентке сәйкестендірілгенге дейін олар осы Техникалық регламенттің талаптарына қайшы келмейтін және ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау мақсатына сәйкес бөлігінде ғана орындауға жатады.

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

"Электромагниттік үйлесімділік"
техникалық регламентіне
қосымша

ойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдер мен қызметтердің тізбесі

СЭҚ ТН коды	Өнімнің атауы
8525 10 900	Жалпы қолданыстағы тарату және қабылдау радиобайланыс аппаратурасы (жеке радиобайланыс аппаратурасы)
8525 10 900	Жылжымалы тікелей жіберуші радиостанция және тіркелген қызмет (ұялы байланыс қызметі үшін)
8517 11 000 8517 19 900	Сымсыз трубкалы телефон аппараттарын, таксофондарды қоса алғанда, электр телефон аппараттары
8525 20 910 8525 21 990	Фототелеграфтық және факсимильді байланыс үшін аппаратура. Радиотелефондық және радиотелеграфтық беру үшін аппарат
8525 10 900	Транктік және ұялы радио байланыс жүйелерін және оның компоненттерін беру аппаратурасы
8525	Радиохабарына немесе телевидениеге арналған өзінің құрамында енгізетін және енгізбейтін қабылдағыш, дыбыс жазғыш немесе дыбыс шығарғыш құрылғысы бар таратқыш аппаратура; теледидар камералары, цифрлы камералар және жазғыш бейнекамералары
8517	Байланыстың ұялы желісіне немесе байланыстың басқа да сымсыз желілеріне арналған телефон аппараттарын қоса алғанда телефон аппараттары; 8443, 8525, 8527 немесе 8528 тауар позицияларының беруші немесе қабылдаушы аппаратураларынан басқа байланыстың сымды немесе сымсыз желілерінде коммуникацияға арналған аппаратураларды қоса алғанда (мысалы, байланыстың локальді немесе жаһандық желілерде) дауысты, бейнені немесе басқа да деректерді беруге немесе қабылдауға арналған өзге де аппаратуралар:
	байланыстың ұялы желісіне немесе байланыстың басқа да сымсыз желілеріне арналған телефон аппараттарын қоса алғанда телефон аппараттары:
8517 11 000 0	сымсыз тұтқасы бар сым байланысына арналған телефон аппараттары
8517 12 000 0	байланыстың ұялы желісіне немесе байланыстың басқа да сымсыз желілеріне арналған телефон аппараттары
8517 18 000 0	өзгелері
	байланыстың сымды немесе сымсыз желілерінде коммуникацияға арналған аппаратураларды қоса алғанда (мысалы, байланыстың локальды немесе жаһандық желілерде) дауысты, бейнені немесе басқа да деректерді беруге немесе қабылдауға арналған өзге де аппаратуралар:
8517 61 000	базалық станциялар:
8517 61 000 1	байланыстың цифрлық сымды жүйелеріне арналған
8517 61 000 9	өзгелері
8517 62 000	коммутациялық құрылғылар мен маршрутизаторларды қоса алғанда дауысты, бейнені немесе басқа да деректерді қабылдау, қайта құрау және беру немесе қайта қалпына келтіруге арналған машиналар:
8517 62 000 1	есептеуіш машиналардың құрылғылары; телефондық немесе телеграфтық сымды байланысқа арналған коммутаторлар; көтерме жиіліктегі сымды байланыс жүйесіне арналған немесе байланыстың цифрлық сымды жүйесіне арналған аппаратуралар
	радиотелефон немесе радиотелеграфтық байланыс үшін қабылдау аппаратурасы
8525	Радиохабарына немесе телевидениеге арналған өзінің құрамында енгізетін және енгізбейтін қабылдағыш, дыбыс жазғыш немесе дыбыс шығарғыш құрылғысы бар таратқыш аппаратура; теледидар камералары, цифрлы камералар және жазғыш бейнекамералары

8525 50 000 0	таратқыш аппаратура
8525 60 000 0	өз құрамына қабылдағыш құрылғысы бар таратқыш аппаратура:
8525 80	теледидар камералары, цифрлы камералар және жазғыш бейнекамералары:
	телевизия камералары:
8525 80 110 0	үш немесе одан көп таратқыш тұтқалары бары
8525 80 190 0	өзгелері
8525 80 300 0	цифрлы камералар
	жазғыш бейнекамералары:
8525 80 910	теледидар камерасының көмегімен алынған дыбыс пен бейнені ғана жаза алатындары:
8525 80 910 1	корпусының ішінде телевизия таратқыш камерасы бар, таспасының ені 1,3 см-ден аспайтын бейнетюнер орнатылған немесе орнатылмаған, таспа қозғалысының 50 мм/с-ден аспайтын жылдамдығымен жаза алатын немесе көрсете алатын, магнитті таспада бейнежазғыш немесе бейнекөрсеткіш аппаратура
8525 80 910 9	өзгелері
8525 80 990	өзгелері
8525 80 990 1	корпусының ішінде телевизия таратқыш камерасы бар, таспасының ені 1,3 см-ден аспайтын бейнетюнер орнатылған немесе орнатылмаған, таспа қозғалысының 50 мм/с-ден аспайтын жылдамдығымен жаза алатын немесе көрсете алатын, магнитті таспада бейнежазғыш немесе бейнекөрсеткіш аппаратура.
8525 80 990 9	өзгелері
8526	Радиолокаторлық, радионавигациялық аппаратура және қашықтықтан басқаратын радиоаппаратура:
8526 10 000	радиолокаторлық аппаратура:
8526 10 000 1	азаматтық авиацияға арналған
8526 10 000 9	өзгелері
	өзгелері
8526 91	радионавигациялық аппаратура:
8526 91 200 0	радионавигациялық қабылдағыштар
8526 91 800 0	өзгелері
8526 92 000	қашықтықтан басқаратын радиоаппаратура:
8526 92 000 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8526 92 000 9	өзгелері
8527	Бір корпуста дыбыс жазғыш немесе дыбыс шығарғыш аппаратурамен немесе сағатпен бірге орнатылған немесе орнатылмаған, радиохабар таратуға арналған қабылдағыш аппаратура:
	сыртқы қорек көзінсіз жұмыс істей алатын кең ауқымда хабар таратқыш радиоқабылдағыштар:
8527 12	радиоқабылдағышы бар кассеталы қалта плейерлер:
8527 12 100 0	осындай және цифрлы санау жүйесі барлары
8527 12 900 0	өзгелері

8527 13	дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары, өзгесі:
8527 13 100 0	лазерлі санау жүйесі бары
	өзгелері:
8527 13 910 0	осындай және цифрлы санау жүйесі бар кассеталы үлгідегі
8527 13 990 0	өзгелері
8527 19 000 0	өзгелері
	моторлы көлік құралдарында қолданатын сыртқы қорек көзінсіз жұмыс істей алмайтын кен ауқымда хабар таратқыш радиоқабылдағыштар:
8527 21	дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары:
	цифрлы радиоаппараттық жүйенің сигналдарын қабылдай алатын және кодтау:
8527 21 200	лазерлі санау жүйесі:
8527 21 200 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары.
8527 21 200 9	өзгелері
	өзгелері
8527 21 520	осындай және цифрлы санау жүйесі бар кассеталы үлгідегі:
8527 21 520 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8527 21 520 9	өзгелері
8527 21 590	өзгелері
8527 21 590 1	8701-8705 тауар позициясының, олардың түйіндері мен агрегаттарының моторлы көлік құралдарын өндірістік жинау үшін
8527 21 590 9	өзгелері
	өзгелері
8527 21 700 0	лазерлі санау жүйесі бары
	өзгелері:
8527 21 920 0	осындай және цифрлы санау жүйесі бар кассеталы үлгідегі:
8527 21 980 0	өзгелері
8527 29 000	өзгелері
8527 29 000 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8527 29 000 9	өзгелері
	өзгелері
8527 91	дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары:
	корпусында бір немесе одан көп дауыс зорайтқыштары барлары:
8527 91 110 0	осындай және цифрлы санау жүйесі бар кассеталы үлгідегі:
8527 91 190 0	өзгелері

	өзгелері
8527 91 910 0	лазерлі санау жүйесі бары
	өзгелері
8527 91 930 0	осындай және цифрлы санау жүйесі бар кассеталы үлгідегі:
8527 91 980 0	өзгелері
8527 92	дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары, бірақ сағатпен бірге орнатылғандары:
8527 92 100 0	радиокабылдағыш-оятқыштар
8527 92 900 0	өзгелері
8527 99 000 0	өзгелері
8528	Теледидар қабылдағыш аппаратурасымен бірге орнатылмаған мониторлар және проекторлар; радиохабар қабылдағышы немесе дыбыс бейне жазып алатын немесе шығаратын аппаратурасын енгізетін немесе енгізбейтін, теледидар байланысына арналған қабылдағыш аппаратура:
	электронды-сәулелі түтікшесі бар мониторлар:
8528 41 000 0	8471 тауар позициясының жүйесін есептеуде айрықша немесе баса назарда қолданылатын
8528 49	өзгелері:
8528 49 100	ақ-қара түсті немесе басқа да монохромды бейнелі:
8528 49 100 1	азаматтық авиацияға арналған
8528 49 100 9	өзгелері
	түрлі-түсті:
8528 49 210	экран жиектері ұзындықтарының 1,5-тен кем ені/биіктігі арақатынасы бар:
8528 49 210 1	азаматтық авиацияға арналған
8528 49 210 9	өзгелері
	өзгелері
8528 49 250 0	ірім параметрлері 625 сызықтан аспайтын
8528 49 900 0	ірім параметрлері 625 сызықтан асатын
	өзге де мониторлар
8528 51 000 0	8471 тауар позициясының жүйесін есептеуде айрықша немесе баса назарда қолданылатын
8528 59	өзгелері
8528 59 100	қара-ақ немесе басқа монохромдық бейнелер:
8528 59 100 1	азаматтық авиацияға арналған
8528 59 100 9	өзгелері
8528 59 900	түрлі түсті:
8528 59 900 1	азаматтық авиацияға арналған
8528 59 900 9	өзгелері
	проекторлар:

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

8528 61 000 0	кей кезде қолданылатын немесе ең алдымен 8471 тауар позициясында есептелетін жүйелерде
8528 69	өзгелері
8528 69 050 0	дисплейлік панелдер көмегімен жұмыс жасайтын (мысалы, сұйық кристалда қосылыс), есептеуіш машинадан қабылданған сандық ақпаратты көрсету мүмкіндігі
	өзгелері
8528 69 200 0	қара-ақ немесе басқа монорхомдық бейнелер:
8528 69 800 0	түрлі-түсті
	радиохабар қабылдағышы немесе дыбыс бейне жазып алатын немесе шығаратын аппаратурасын енгізетін немесе енгізбейтін, теледидар байланысына арналған қабылдағыш аппаратура:
8528 71	өз құрамына видеодисплей немесе экран енгізуге арналмаған
	бейнетюнерлер:
8528 71 200 0	есептеу машиналарын орнатуға арналған электрондық модульдер
8528 71 300 0	телевизиялық сигналдарды қабылдай алатын, интернетке қол жетімділік - модемі және интерактивті ақпарат алмасу функциясы бар микропроцессор негізіндегі приборлары бар аппараттар (коммуникативті функциясы бар телевизиялық қабылдағыштар)
8528 71 500 0	өзгелері
8528 71 990 0	өзгелері
8528 72	өзгесі, түрлі-түсті бейнені:
8528 72 100 0	телевизиялық проекторлық жабдық
8528 72 200	құрамына бейнежазғыш немесе бейнекөрсеткіш аппаратурасын енгізетін аппаратура:
8528 72 200 1	сұйық кристалды немесе плазмалы экраны бары
8528 72 200 9	өзгелері
	өзгелері
	орнатылған түтікшесі бары:
	экран жиектері ұзындықтарының 1,5-тен кем ені/биіктігі арақатынасы бар, экран диагоналының өлшемі мынадай:
8528 72 520 0	42 см-ден аспайтын
8528 72 540 0	42 см-ден асатын, бірақ 52 см-ден аспайтын
8528 72 560 0	52 см-ден асатын, бірақ 72 см-ден аспайтын
8528 72 580 0	72 см-ден асатын
	өзгелері
	ірім параметрлері 625 сызықтан аспайтын, экран диагоналының өлшемі мынадай:
8528 72 620	75 см-ден аспайтын:
8528 72 620 1	42 см-ден аспайтын
8528 72 620 2	42 см-ден асатын, бірақ 52 см-ден аспайтын
8528 72 620 3	52 см-ден асатын, бірақ 72 см-ден аспайтын

8528 72 620 9	өзгелері
8528 72 660 0	75 см-ден асатын
8528 72 700	иірім параметрлері 625 сызықтан асатын:
8528 72 700 1	экран диагоналының өлшемі 42 см-ден аспайтын
8528 72 700 2	экран диагоналының өлшемі 42 см-ден асатын, бірақ 52 см-ден аспайтын
8528 72 700 3	экран диагоналының өлшемі 52 см-ден асатын, бірақ 72 см-ден аспайтын
8528 72 700 9	өзгелері
	өзгелері
8528 72 810 0	экран жиектері ұзындықтарының 1,5-тен кем ені/биіктігі арақатынасы бар
8528 72 890 0	өзгелері
8528 73 000 0	өзгелері, кара-ақ немесе басқа монорхондық бейнелер
8529	Тек қана немесе негізінен 8525-8528 тауар позициясының аппаратурасына арналған бөлшектер:
8529 10 800 0	антенналық сүзгілер мен ажыратқыш құрылғылар
8529 10 900 0	өзгелері
8529 90	өзгелері
8529 90 450 0	8525 80 300 0 кіші қосалқы позициялары аппаратурасының бөлшектері
8529 90 490	8525 60 000 0, 8528 41 000 0, 8528 51 000 0 мен 8528 000 0 кіші қосалқы позициялары аппаратурасының бөлшектері:
8529 90 490 1	8525 60 000 0 кіші қосалқы позициялары аппаратурасының бөлшектері
8529 90 490 9	өзгелері
	өзгелері
	өзгелері
8529 90 870	8525 80 110 0 және 8525 80 190 0 кіші қосалқы позицияларының телевизиялық камералары мен 8527 және 8528 тауар позицияларының аппаратураларына арналған.
8529 90 870 1	8525 60 000 0 кіші қосалқы позициялары аппаратурасының бөлшектері;
8529 90 870 2	8528 тауар позициясы аппаратурасы арналған сұйық кристаллы модульдер (экрандар)
8529 90 870 9	өзгелері
852990 970 0	өзгелері
8531	8512 немесе 8530 тауар позициясының жабдықтарынан басқа, дыбыстық немесе визуалдық сигнализациялық электр жабдықтары (мысалы, қоңыраулар, сиреналар, индикатор панельдер, сигнализациялық күзет құрылғылары немесе өрт сигналын беретін құрылғылар):
8531 10	сигнализациялық күзет құрылғылары немесе өрт сигналын беретін құрылғылар және осыған ұқсас құрылғылар:
8531 10 300 0	ғимараттарда пайданылатындары
853110 950	өзгелері
8531 10 950 1	азаматтық авиацияға арналған
8531 10 950 9	өзгелері
8531 20	сұйық кристалдарда немесе жарық диодтарында орнатылған құрылғылары бар индикаторлы панельдер:

8531 20 200	орнатылған жарық диодтары бар:
8531 20 200 1	азаматтық авиацияға арналған
8531 20 200 9	өзгелері
	орнатылған сұйық кристалды құрылғылары бар:
853120 400	орнатылған сұйық кристалды актив матрицалы құрылғылары бар:
8531 20 400 1	азаматтық авиацияға арналған
8531 20 400 9	өзгелері
8531 20 950	өзгелері:
8531 20 950 1	азаматтық авиацияға арналған
8531 20 950 9	өзгелері
8531 80	өзге қондырғылар:
8531 80 200 0	жазық дисплей бар құрылғылар
8531 80 950	өзгелері
8531 80 950 1	авиациялық қозғалтқышты өндіру үшін
8531 80 950 9	өзгелері
8531 90	бөлшектері:
8531 90 200 0	8531 20 қосалқы позициясы мен 8531 80 300 0 кіші қосалқы позициясының аппаратуралары
8531 90 850	өзгелері:
8531 90 850 1	8701-8705 тауар позициясының, олардың түйіндері мен агрегаттарының моторлы көлік құралдарын өндірістік жинау үшін
8531 90 850 2	азаматтық авиацияға арналған
8531 90 850 8	өзгелері
8535	1000 В-дан асатын кернеуге арналған жалғауға немесе электр тізбектерін қорғауға арналған немесе электр тізбектеріне қосуға арналған немесе электр тізбектеріндегі электр аппаратурасы (мысалы, ажыратқыштар, ауыстырып-қосқыштар, үзгіштер, жатық сақтағыштар, жайтартқыштар, кернеу шектегіштер, кернеу секірісін сөндірушілер, қосқыш қорапшалар, ток қабылдағыштар, ток алғыштар және өзге де қосқыштар):
	автоматты ажыратқыштар:
8535 21 000 0	72,5 кВ-дан аз кернеуге арналған
8535 29 000 0	өзгелері
8535 30	ағытқыштар мен үзгіштер:
8535 30 100 0	72,5 кВ-дан аз кернеуге арналған
8535 30 900 0	өзгелері
8535 90 000 0	өзгелері
8536	1000 В-дан аспайтын кернеуге арналған жалғауға немесе электр тізбектерін қорғауға арналған немесе электр тізбектеріне қосуға арналған немесе электр тізбектеріндегі электр аппаратурасы (мысалы, ажыратқыштар, ауыстырып-қосқыштар, үзгіштер, реле, жатық-Сақтағыштар, тербеліс сөндірушілер, ашамайлы ашалар мен розеткілер, электр шамдарына арналған патрондар, қосқыш қорапшалар): талшықты-оптикалық, талшықты-оптикалық бұраулар немесе кәбілдерге арналған қосқыштар:
8536 20	автоматты ажыратқыштар:

8536 20 100	63 А-дан аспайтын ток күшіне арналған:
8536 20 100 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8536 20 100 2	азаматтық авиацияға арналған
8536 20 100 8	өзгелері
8536 20 900	63 А-дан асатын ток күшіне арналған:
8536 20 900 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8536 20 900 2	азаматтық авиацияға арналған
8536 20 900 8	өзгелері
8536 30	өзге де электр тізбектерін қорғауға арналған құрылғылар:
8536 30 100 0	16 А-дан аспайтын ток күшіне арналған
8536 30 300 0	16 А-дан асатын, бірақ 125 А-дан аспайтын ток күшіне арналған
8536 30 900 0	125 А-дан асатын ток күшіне арналған
	реле:
8536 41	60 В-дан аспайтын кернеуге арналған:
8536 41 100 0	2 А-дан аспайтын ток күшіне арналған
8536 41 900 0	2 А-дан асатын ток күшіне арналған
8536 49 000 0	өзгелері
8536 50	өзге де ауыстырып-қосқыштар:
8536 50 030 0	кіріс және шығыс оптикалық байланысқан тізбектерден тұратын айнымалы токтың электронды ауыстырып-қосқыштары (оқшауланған тиристордағы айнымалы ауыстырып-қосқыштары)
8536 50 050 0	Транзистор мен логикалық кристалдан тұратын, температуралық қорғанышы бар электронды ауыстырып-қосқыштарды қоса алғанда, электронды ауыстырып-қосқыштары ("кристаллдағы кристалл технологиясы)
8536 50 070 0	11 А-дан аспайтын ток күшіне арналған электр-механикалық бөлмелік ажыратқыштар
	өзгелері:
	60 В-дан аспайтын кернеуге арналған:
8536 50 110	түймелі ауыстырып-қосқыштар:
8536 50 110 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8536 50 110 9	өзгелері
8536 50 150	бұрылыстық ауыстырып-қосқыштар
8536 50 150 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8536 50 150 9	өзгелері
8536 50 190	өзгелері:
8536 50 190 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндірістік құрастыруға арналғандары
8536 50 190 2	авиациялық қозғалтқышты өндіру үшін

8536 50 190 8	өзгелері
8536 50 800 0	өзгелері
8536 90	өзге де құрылғылар:
8536 90 010 0	электр тізбектеріне арналып алдын-ала құрастырылған элементтер
8537	8517 тауар позициясының жалғау құрылғыларынан өзге, электр тогын басқаруға немесе бөлуге арналған 8535 немесе 8536 тауар позициясының екі немесе одан көп, оның ішінде 90-топтың приборларын немесе құрылғыларын және цифрлы басқару аппараттарын қамтитын құрылғыларымен жабдықталған пульттер, панельдер, консольдар, үстелдер, бөлу қалқандары мен басқа да электр аппаратурасына арналған тұғыршалар:
8537 10	1000 В-дан аспайтын кернеуге арналған:
8537 10 100 0	орнатылған есептегіш машинасы бар цифрлы басқару панельдері
	өзгелері:
8537 10 910	жады бар бағдарланатын бақылағыштар:
8537 10 010 1	8439 тауарлы позициясын жабдықтауға арналған
8537 10 910 9	өзгелері
8537 10 990 0	өзгелері
8537 20	1000 В-дан асатын кернеуге арналған:
8537 20 910 0	1000 В-дан асатын, бірақ 72,5 кВ-дан аспайтын кернеуге арналған
8537 20 990 0	72,5 кВ-дан асатын кернеуге арналған
8538	Тек қана немесе негізінен 8535, 8536 немесе 8537 тауар позициясының аппаратурасына арналған бөлшектер:
8543	Осы топтың өзге жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жеке функциялары бар электр машиналары мен аппаратурасы:
8543 10 000 0	бөлшектерді үдеткіштер
8543 20 000 0	сигналдар генераторлары
8543 30 000 0	гальваникалық жабуға, электролизге немесе электрофорезге арналған машиналар мен аппаратуралар
8543 70	өзге де машиналар мен аппаратура:
8543 70 150 0	аудармашының немесе сөздіктің функцияларын атқаратын электр машиналары
8543 70 200	антеналық күшейткіштер:
8543 70 200 1	8701-8705 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған өндіріс-құрастыруға арналғандары
8543 70 200 9	өзгелері
8543 70 600 0	электр күзет генераторлары
8543 70 900	өзгелері
9030	9028 тауар позициясының өлшеу приборлардан басқа, электрдің шамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған осциллокоптар, спектр анализаторлары, өзге де аспаптар мен аппаратуралар; альфа-, бетта-, гамма-, рентгендік, ғарыштық немесе өзге де иондаушы сәулелерді аңғару мен өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратуралар:
9030 10 000 0	иондаушы сәулелерді аңғару мен өлшеуге арналған приборлар мен аппаратуралар:
9030 20	осциллокоптар мен осциллографтар:
9030 20 100 0	электр сәулелі
9030 20 200	өзге де жазатын қондырғылар:

9030 20 200 1	азаматтық авиация үшін
9030 20 200 9	өзгелері
	өзгелері
9030 20 500 0	электрондық
9030 20 900 0	өзгелері
	кернеуді, тоқ күшін, кедергіні немесе қуатты өлшеуге немесе бақылауға арналған приборлар мен аппаратуралар, өзгелері:
9030 31 000 0	жазатын құрылғылары жоқ әмбебап аспаптары:
9030 32 000	жазатын құрылғылары бар әмбебап аспаптары:
9030 32 000 1	азаматтық авиация үшін
9030 32 000 9	өзгелері
9030 33	өзге де жазатын құрылғылары жоқ:
9030 33 300	электрондық:
9030 33 300 1	телевизорларды арнаулы бағытқа келтіру үшін
9030 33 300 9	өзгелері
	өзгелері:
9030 33 910 0	вольтметрлер
9030 33 990 0	өзгелері
9030 39 000	өзге де жазатын құрылғылар:
9030 39 000 1	азаматтық авиация үшін
9030 39 000 9	өзгелері
9030 40 000 0	арнайы телекоммуникациялар үшін арналған приборлар мен аппаратура, өзгелері (мысалы, айқасқан кедергілердің, күшейткіш коэффициенттердің, бұрмалау коэффициенттердің, псофометрлердің өлшеуіштері):
	өзге де приборлар мен аппаратура:
9031	Аталған топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген өлшеуге немесе бақылауға арналған приборлар, қондырғылар және машиналар; профильдік проекторлар:
9031 10 000 0	механикалық бөлшектерге арналған баланстық машиналар
9031 20 000 0	сынақ стендтері
	оптикалық приборлар мен өзге де қондырғылар:
9031 41 000 0	жартылай өткізгіш аспаптарының өндірісінде пайдаланылатын, жартылай өткізгіш пластиналарды тексеруге арналған немесе фотомаскаларды немесе фотошаблондарды тексеруге арналған
9031 49	өзгелері:
9031 49 100 0	профильдік проекторлар
9031 49 900 0	өзгелері
9031 80	приборлар, қондырғылар және өзге де машиналар:
	электрондық:

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

	геометриялық өлшемдерді өлшеу мен бақылау үшін:
9031 80 320 0	жартылай өткізгіш аспаптарының өндірісінде пайдаланылатын, жартылай өткізгіш пластиналарды тексеруге арналған немесе фотомаскаларды немесе шаблондарды тексеруге арналған

Ескертпе: "Өзгелері" қосалқы позицияларына және кіші қосалқы позицияларына тауар позициясына жататын, бірақ өздерінің СЭҚ ТН коды жоқ өнім түрлері кіреді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК